

Бекітемін
КМҚК «Алтын кілт» бөбекжай
балалар бақшасы меңгерушісі
С.Сарсенғалиева



КМҚК «Алтын кілт» бөбекжай балалар бақшасы педагогикалық кеңесінің
отырысы 2023-2024 оқу жылы

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	№ 1 Педагогикалық кеңес	Тамыз	
	Тақырыбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы, оқу тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы 1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытынды есебі 2. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту 3. 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру 4. «Жаңа оқу жылына жағымды көңіл күй» тренинг 5. Балабақшаның аттестаттау және сараптау комиссиясының құрамын бекіту 6. Өзге де мәселелер: Оқу жұмыс жоспары; Мамандарға ұйымдастырылған іс әрекет кестесі, күн тәртібі; Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы; Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан, аттестаттаудан өту кестесі; Топ балалар тізімдері; Педагогтардың топтарға бекітілуі, лауазымдық міндеттері, ішкі еңбек тәртібі;		Меңгеруші Әдіскер Психолог Тәрбиешілер
	№ 2 Педагогикалық кеңес	Қараша	
	Тақырыбы: Балабақшада денсаулық сақтау технологияларын қолдану. 1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы. 2. Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың физикалық қасиеттерін дамыту. 3. Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың сауықтыру шынықтыру		Меңгеруші Әдіскер Психолог Тәрбиешілер

шараларын ұйымдастыру. 4. Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени гигиеналық дағдыларын және өз өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру		
№ 3 Педагогикалық кеңес	Қаңтар	
Тақырыбы: Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балаларды дамыта оқыту ықпалы. 1. №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы 2. В.Воскобовичтың дамытушы ойындары: В.Воскобович шаршылары 3. В.Воскобовичтың дамытушы ойындары: Ларчик шамдары. 4. МДҰ ақпараттық технологияны қолдану бойынша 5. «Бала денсаулығы басты назарда»		Меңгеруші Әдіскер Психолог Тәрбиешілер
№ 4 Педагогикалық кеңес	Наурыз	
Тақырыбы: Балалардың ойын арқылы шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс әрекетін дамыту. 1. № 3 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы 2. «Дәстүрден тыс әдістер арқылы балалардың қиялы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту» 3. Мектеп жасына дейінгі балаларды сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолдануға үйрету.		Меңгеруші Әдіскер Психолог Тәрбиешілер
№ 5 Педагогикалық кеңес	Мамыр	
Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау. 1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы 2. Оқу –тәрбие бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытынды есебі 3. Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша қорытынды даму мониторингі 4. 2023-2024 оқу жылында аттестаттаудан өткен педагогтардың тізімін қарастыру және бекіту 5. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту		Меңгеруші Әдіскер Психолог Тәрбиешілер

ХАТТАМА № 1

КМҚК «Алтын кілт»бөбекжай балалар бақшасы.

№ 1 Педагогикалық кеңес

Қатынасуға тиіс:14

Қатынасқандар:12

Мұқыр ауылы

31.08.2023ж

Тақырыбы: Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы, оқу тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы

Күн тәртібі:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытынды есебі
2. Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту
3. 2023-2024 оқу жылыда тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру
4. «Жаңа оқу жылына жағымды көңіл күй» тренинг
5. Балабақшаның аттестаттау және сараптау комиссиясының құрамын бекіту
6. Өзге де мәселелер:

- Оқу жұмыс жоспары;
- Мамандарға ұйымдастырылған іс әрекет кестесі,күн тәртібі;
- Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы;
- Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан, аттестаттаудан өту кестесі;
- Топ балалар тізімдері;
- Педагогтардың топтарға бекітілуі, лауазымдық міндеттері, ішкі еңбек тәртібі;

1. №1 Педагогикалық кеңестің шешімінің орындалысы:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстары 2021ж әдістемелік ұсыным басшылыққа алынып жүргізілді. Жүргізілген іс шаралардың қорытындысы бойынша ересек «Алтын сақа» тобының тәрбиешісі С.Айтмағанбетова, ортаңғы «Шаңырақ» тобының тәрбиешісі Р.Ахметова, ортаңғы «Ботақан» тобының тәрбиешісі Ұ.Қойшиева, кіші «Құлыншақ» тобының тәрбиешісі А.Аманқосова ұйымдастырылған жұмыстары бойынша баяндама оқыды. Келесі мәселе бойынша жылдық жоспардың мақсат міндеттері талқыланып, 1 –ші міндетке «Балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтына бейімдеу, қауіпсіздігін қамтамасыз ету» міндеті қойылды. 2-ші міндетке «Мектеп жасына дейінгі балалардың инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану арқылы сөздік қорларын дамыту» қойылды.

Келесі мәселе бойынша әдіскер А.Каламбаева 2023-2024 оқу жылыда тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Оқу тәрбие процесі былтырғы оқу жылындағы нормативтік құжаттар бойынша жүреді. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: - ойын арқылы үйрету; - түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық,

шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту. Педагог келесі функцияларды атқарады:

– перспективалық жоспарды және циклограмманы (балалардың мектепалды сыныбында болатын мерзімге) құрастырады; – ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізеді; – таңертеңгі қабылдау, таңертеңгі жаттығу, балалар әрекетінің түрлері (ойын, шығармашылық, танымдық, эксперимент жасау, дербес және т.б.), серуен, жеке жұмыс ұйымдастырады; – балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізеді; – ата-аналармен жұмыс жүргізеді; – білім беру ұйымдарында өткізілетін іс-шараларға қатысады; (жиналыстар, педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, конкурстар және т. б.); – ертеңгіліктерді, мерекелер мен ойын-сауықтарды, спорттық іс-шараларды және т.б. ұйымдастырады және өткізеді деп айтып өтті. Топтарға топ тәрбиешілері бекітілді. Меңгеруші лауазымдық нұсқаулықтармен, ішкі еңбек тәртібі ережесімен таныстырды. Балалардың өмірі мен денсаулығына қатаң жауапкершілікпен қарауды тапсырды. Жаңа оқу жылына сәттілік тіледі. Балабақшаның аттестаттау және сараптау комиссиясының құрамын бекіту бойынша төрайымы С.Сарсенғалиева, мүшелері: әдіскер А.Каламбаева, тәрбиешілер: Р.Ахметова, Ә.Орақова, А.Асқарова бекітілді. Бірауыздан шішім қабылданды.

ШЕШІМ:

№5 Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Жылдық міндетке жету мақсатында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен әдістемелік талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.
2. 2023-2024 оқу жылында аттестаттаудан өтуі тиіс тәрбиешілер С.Айтмағанбетова, С.Қарабалиева, саз жетекшісі А.Тынысбаева біліктілік тестілеуден өтуге жұмыстансын.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:

Сарсен

Алиев

С.Сарсенғалиева

А.Каламбаева

ХАТТАМА № 2

КМҚК «Алтын кілт»бөбекжай балалар бақшасы.

Мұқыр ауылы

№ 2 Педагогикалық кеңес

30.11.2023ж

Қатынасуға тиіс:14

Қатынасқандар:11

Тақырыбы: Балабақшада денсаулық сақтау технологияларын қолдану.

Күн тәртібі: 1. №1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы.

2.Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың физикалық қасиеттерін дамыту.

3.Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың сауықтыру шынықтыру шараларын ұйымдастыру.

4.Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени гигиеналық дағдыларын және өз өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.

№1 педкеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша оқу тәрбие процесі стандартқа, жаңа әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес жүргізілуде. 2023- 2024 оқу жылы бойынша педагогтардың біліктілігін бағалауға аттестаттаудан өту уақытына тоқтатылды.

Келесі мәселе бойынша дене шынықтыру нұсқаушысы А.Асқарова: Мектепке дейінгі мекемеде баланың өмірлік іс-әрекеті әр түрлі нысанда және түрлі әрекеттер көмегімен денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған болу керек. Қазіргі уақытта бұл кешен «денсаулықты сақтау технологиясы» деп аталады. Денсаулық сақтау технологиясының мақсаты: Мектеп жасына дейінгі баланың денсаулығын сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ету,СӨС туралы қажетті білімін, білігін және дағдысын қалыптастыру, СӨС туралы қажетті білімін, білігін және дағдысын қалыптастыру. 3-4, 4-5жастағы физикалық қасиеттерді дамыту: физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады деді. Слайд арқылы іс тәжірибесінен жұмыстарын көрсетті.

Келесі мәселе бойынша тәрбиеші: С.Қарабалиева: Денсаулық сақтау технологиясының мақсаттарына –денені сауықтыру жұмыстары, түрлі жаттығулар, сергіту сәттері, түскі ұйқыдан кейінгі шынықтыру жаттығулары ойындар арқылы іске асырылады. Денсаулық сақтау технологиялары- бұл балалардың денсаулығының сақтауы және дамытуы бойынша білім беретін кеңестік жұмысының жүйесі. Таңертеңгілік жаттығу - балалардың денсаулығын нығайтып, дене бітімін жақсы қалыптастырады. Дене белсенділігіне балалардың қызығушылықтарын арттыру үшін, дене жаттығуларын, қимылдарды немесе музыканы ауыстырып, түрлендіріп отыру маңызды.

Іс тәжірибесінен балаларды жылдамдыққа, ұйымшылдыққа, түстерді ажыратуға дағдыландыру мақсатында қимыл –қозғалыс ойындарын көрсетті. Саусақ жаттығуы, тыныс алу жаттығулары. Әр түрлі шынықтыру, сауықтыру жұмыстарында жүргізіледі. Тыныс алу жаттығуларының негізгі құралы-

ағзаның тыныштық қалпындағы орындалатын және қозғалыста орындалатын жаттығулар деді және слайд арқылы жұмыстарын көрсетті.

Келесі тапсырма бойынша тәрбиеші Н.Аккожиева: Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру мақсатында мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын және өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды маңызды компонент өзін-өзі ұстау мәдениеті. Бетті, денені, шашты, киімді, аяқ киімді, таза ұстаудың ұқыптылық қажеттілігі гигиена талаптарымен ғана емес, сонымен қатар адамдар арасындағы қатынастардың нормаларымен де белгіленеді. Баланы ең алғашқы гигиеналық күнделікті жұмыс процесінде олардың жеке дағдыларға ата-анасы үйретсе, гигиеналық білім, гигиена ережелерін орындаулары үйреншілік тәрбие берудің негізі бала-бақшадан басталады, ал есейген сайын гигиеналық дағдылар үнемі жетілуі керек. Өзіне-өзі қызмет көрсету өзін күтуге (жуынуға, шешінуге, киінуге, төсегін жинауға, жұмыс орнын әзірлеуге және т.с.с.) бағытталған. Тамақтану кезі, Өз-өзіне қызмет көрсету, Мәдени-гигиеналық дағды, өз-өзіне қызмет көрсету бойынша “Зиянды және пайдалы тағамдар”, “Зиянды және пайдалы тағамдар”, “Тіс щёткасының пайдасы” тақырыбында ойындарын слайд арқылы көрсетті. Ата анамен жұмыстарын көрсетті.

Тәрбиешілерге денсаулық сақтау технологиясы бойынша сұрақтар қойылды, аурушаңдықтың алдын алу бойынша қандай жұмыстар жүргізілді?, Дене шынықтыру оқу іс әрекетінде бағдарламаны қанша бала меңгерді?, Мониторинг жүргіздіңіз бе?, Неге меңгермей жатыр?, Психологпен бірлесе жүргізілген жұмыстарың бар ма?, Сауықтыру шынықтыру шаралары бойынша қанша бала меңгерді?, Қанша бала меңгермеді?, Стандарт талаптары орындалып жатыр ма?, Мәдени гигиеналық дағдылар, Өз өзіне қызмет көрсету бойынша да қанша бала меңгерді, қанша бала меңгермеді?, Неге меңгермеді?, Мониторинг жүргізілді ме?, Стандарт талаптары орындалып жатыр ма? т.б сұрақтар қойылды. Балалар арасында аурушаңдықтың алдын алу бойынша тәрбиешілердің іс тәжірибесінен көрсеткен жұмыстары өз дәрежесінде емес әлі де толықтыру, жетілдіру керек деген пікірлер айтылды.

ШЕШІМ:

№2 Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Тәрбиешілердің іс тәжірибесінен көрсеткен жұмыстары толықтырылсын, келесі педкеңесте қайта қаралсын.
2. Аурушаңдықтың алдын алу бойынша психологпен, медбибімен бірлескен жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:

Сәуір
А.Каламбаева

С.Сарсенғалиева

А.Каламбаева

КМҚК «Алтын кілт»бөбекжай балалар бақшасы.
№ 3 Педагогикалық кеңес

Мұқыр ауылы
30.01.2024ж

Қатынасуға тиіс:13

Қатынасқандар:11

Тақырыбы: Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балаларды дамыта оқыту ықпалы.

Мақсаты: Балабақшада балаларды дамыта оқыту арқылы белсенділігін, дербестігін, шығармашылық, танымдық ойлауын дамыту.

№2 Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша: тәрбиешілер А.Асқарова, Н.Аккожиева іс тәжірибелерінен жұмыстарын көрсетті. Балалардың денсаулығы бойынша, мәдени гигиеналық дағдылар бойынша мониторинг жасап, көрсеткіштерін слайд арқылы көрсетті.Бастапқы мониторингпен аралық мониторинг бойынша салыстырмалы бақылау жасап, нәтижесінде қанша баланың даму көрсеткіші жоғары деңгейге көтерілгенін айтты.Тәрбиеші С.Қарабалиева еңбекке жарамсыздық бетшесінде болуына байланысты жұмысы кейінге қалдырылды.

2. В.Воскобовичтың дамытушы ойындары: В.Воскобович шаршылары

3. В.Воскобовичтың дамытушы ойындары: Ларчик шамдары.

4. МДҰ ақпараттық технологияны қолдану бойынша әдіскер А.Каламбаева слайд арқылы тәрбиешілерге түсінік жүргізді.

Тәрбиеші Р.Ахметова В.Воскобовичтың дамытушы ойындары: В.Воскобович шаршылары тақырыбында іс тәжірибесінен жұмыстарын көрсетті.

В.Воскобович өмірі туралы қысқаша таныстырды. Ойын шаршысы" иілмелі негізге бекітілген бір-бірінен біршама қашықтықта орналасқан 32 қатты үшбұрыштан тұрады. Осындай құрылымына қарай шаршы жақсы өзгереді. Шаршы тығыз матадан жасалған, екі жағынан түрлі-түсті жеңіл пластиктен жасалған үшбұрыш жапсырылған. 32үшбұрыш осы «осы мәңгілік оригамидің»негізін құрайды.Сіз оны қарапайым пішіндерді де(бүгілген екі бұрыш-«үй») және бірнеше қадаммен жасауға болатын күрделі пішіндерді де құрауға болатынын айтты.Балалармен «Үй», «Кәмпит», «Жарқанат», «Семофор», «Конверт», «Тышқан» т.б құрастыруға болатынын, бұл ойынмен ойнаған баланың ұсақ қол моторикасы,яғни сөйлеуі жетіледі, қозғалыс дәлдігі,көзмөлшерлеуі,бағыт-бағдарлауы,қиялы,логикалық ойлауы дамитынын, өзгергіш шаршымен балалар құрастыруды, санауды,түстерді ажыратуды, ойлауды, өз істерін жоспарлауды үйренетінін айтты.

3. В.Воскобовичтың дамытушы ойындары: Ларчик шамдары тақырыбы бойынша тәрбиеші С.Айтмағанбетова іс тәжірибесінен жұмыстарын көрсетті.

Воскобовичтің ойын технологиясы қазақстандық балабақша тәжірибесінде қолданыс тауып келеді. Бұл инновациялық технология болып саналады.

Воскобовичтің дамытушы ойындары — бұл ерекше, шығармашылық әдістеме.

Осы ойын негізінде үш басты принцип бар: қызығушылық, таным, шығармашылық. Бұл жай ойын ғана емес – бұл баланың ойлауы мен шығармашылығын оятатын ертегілер, оқиғалар, қызықты кейіпкерлер.

Воскобовичтің дамытушы ойындары бірқатар ерекшелігімен сипатталады, бұл ойынның өзінің құрылымымен түсіндіріледі. Біріншіден, ойын әрекетінің

вариативтілігі және аяқталмағандығы, яғни дұрысында сан алуан ойын тапсырмаларын шешу, ойластыру осы ойын әрекетіне ену мүмкіндігі бар. Екіншіден, ойынға қатысушылар жас шамасының кең диапазоны – сәбиден бастап ересек адамға дейін ойынға қатыса алады. Үшіншіден, балалар да, ересектер де шығармашылығын көрсете алады.

В.В. Воскобович технологиясы – бұл баланың зейін, ес, ойлау, сөйлеу секілді психикалық процестерін дамытуға ықпал ететін ойын іс-әрекетінің құрылымы. Ойындарды үнемі және біртіндеп күрделендіру орайлы қиындық аймағында балалар іс-әрекетін қолдауға мүмкіндік береді.

Іс әрекеттерде осы технологияны ұтымды қолдануға болады. Осыған орай өз тәжірибемде білім беру міндеттерін тиімді шешу үшін мен ойын құралдарын дайындап, қолдандым. Бұл ойындардың мақсаты ойлау операцияларын дамыту болып табылады және балалардың іздену іс-әрекетіне, өз бетінше ойлауын дамытуға жағдай жасалады, деді.

4. МДҰ ақпараттық технологияны қолдану бойынша А.Каламбаева баяндама оқыды. Құжаттаманы жүргізу. Педагогтің өзін өзі жетілдіру, біліктілігін арттыруы, Мектепке дейінгі ұйымда оқыту және тәрбиелеу үдерісіне ақпараттық технологияларды енгізудің дәстүрлі оқыту құралдарына қарағанда артықшылықтары бар: • Ақпараттық технология электрондық оқыту құралдарын қолдануды кеңейтуге мүмкіндік береді, өйткені олар ақпаратты жылдамырақ береді. • Қозғалыс, дыбыс, анимация балалардың назарын ұзақ уақыт бойына аударып, олардың оқытылатын материалға деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Ата-аналармен жұмыс; Ақпараттық технология ата – аналар бұрышын жобалауға материал дайындауда (сканерлеу, интернет, принтер, презентация), ата-аналар жиналысын өткізу барысында ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру үшін Power Point бағдарламасында презентациялар құру педагог уақытын үнемдеумен қатар, жиналысты жаңашыл бағытта қызықты етіп өткізуге ыңғайлы болып табылады, т.б. айтып өтті.

5. «Бала денсаулығы басты назарда» медбибі У.Сисенова баяндама оқыды.

ШЕШІМ:

№3 Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Тәрбиешілердің іс тәжірибесінен көрсеткен жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде бағалансын және басқа да тәрбиешілер іс тәжірибелеріне алсын.
2. Балабақшада инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың сөздік қорын дамытуда жаңашыл бағытта жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:

Сарсен

С.Сарсенғалиева

А.Каламбаева
А.Каламбаева

КМҚК «Алтын кілт»бөбекжай балалар бақшасы.
№ 4 Педагогикалық кеңес
Қатынасуга тиіс:13
Қатынасқандар:11

Мұқыр ауылы
28.03.2024ж

Тақырыбы: Балалардың ойын арқылы шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс әрекетін дамыту.

Мақсаты: Балабақшада балалардың шығармашылық қиялын, эмоционалды сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем эстетикалық талғамды дамыту, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу.

Күн тәртібі:

1. № 3 педагогикалық кеңестің шешімі бойынша тәрбиеші Р.Ахметованың В.Воскобовичтың дамытушы ойындары: В.Воскобович шаршылары тақырыбында іс тәжірибесінен жұмыстарын, тәрбиеші С.Айтмағанбетованың Ларчик шамдары тақырыбы бойынша іс тәжірибесінен көрсеткен жұмыстарын топ тәрбиешілері күн тәртібіндегі күнделікті жұмыс барысында қолданып жүргендіктерін, балалар қызығушылықпен жасайтындықтарын айтты.
2. «Дәстүрден тыс әдістер арқылы балалардың қиялы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту»
3. Мектеп жасына дейінгі балаларды сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолдануға үйрету.

Тыңдалды:

2. Тәрбиеші Г.Нуркалиева: Балалардың көркем шығармашылық білгірлігін дәстүрлі емес сурет салу арқылы дамыту, сурет салу әдістерін меңгерту, дәстүрлі емес әдістерді пайдалана отырып қызығушылығын арттыру мақсатында топ балаларымен ұнмен сурет салу, тұзбен сурет салу, целофанмен сурет салу, эбру дәстүрден тыс сурет салу,трафератпен салынған суретті ыдыс жууға арналған губкамен бояу әдісі, картон, шанышқы және саусақпен аквариум бейнесін салу әдістерін қолданып жұмыстар жүргізілді, деп слайд арқылы балалармен жасаған жұмыстарын көрсетті. Қолданған материалдарымен тәрбиешілермен жұмыс барысы жасалды. Іс тәжірибесінен көрсеткен жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде бағаланды.

3.Тәрбиеші Г.Берікова: Мектеп жасына дейінгі балаларды сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолдануға үйрету тақырыбында іс тәжірибемде балаларды сурет салудың әртүрлі дәстүрден тыс тәсілдерімен таныстыру.Сурет салудың дәстүрден тыс тәсілдерін қолдана отырып, әр түрлі бейне жасауға үйрету. Әсемдікті бағалай білуге тәрбиелеу. Дәстүрден тыс қазіргі заманауи сәндік көркемдеу жұмыс түрлерімен таныстыру мақсатында әртүрлі жұмыстар жүргіздім, деп тұзбен сурет салу, фольгамен сурет салу, жіппен сурет салу, гречкамен сурет салу, эбру дәстүрден тыс сурет салу, т.б дәстүрден тыс әдістерді слайд арқылы көрсетті.Тәрбиешілермен жұмыс барысы жүргізілді.

ШЕШІМ:

№4 Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Тәрбиешілердің іс тәжірибесінен көрсеткен жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде бағалансын және тәрбиешілердің іс тәжірибелеріне алынсын.
2. Дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы балалардың шығармашылық дағдысын, сөздік қорын дамытуда жаңашыл бағытта жұмыстар жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:

Сарғұл *Жамал*

С.Сарсенғалиева

А.Каламбаева

ХАТТАМА № 5

КМҚК «Алтын кілт»бөбекжай балалар бақшасы.
№ 5 Педагогикалық кеңес

Мұқыр ауылы
31.05.2024ж

Қатынасуға тиіс:14

Қатынасқандар:13

Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау.

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Оқу –тәрбие бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытынды есебі
- 3.Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша қорытынды даму мониторингі
4. 2023-2024 оқу жылында аттестаттаудан өткен педагогтардың тізімін қарастыру және бекіту
- 5.Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарымен таныстыру, бекіту

№ 4 педагогикалық кеңестің шешімі бойынша тәрбиеші Г.Нуркалиеваның және Г.Берікованың іс тәжірибесінен дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы балалардың шығармашылық дағдысын, сөздік қорын дамытуда топ тәрбиешілері күн тәртібіндегі күнделікті жұмыс барысында қолданып жүргендіктерін, балалар қызығушылықпен жасайтындықтарын айтты. Алдағы уақытта да балалармен жұмыс барысында үнемі қолданатындықтарын айтты.

Тыңдалды:

2. № 5 педагогикалық кеңес бойынша оқу тәрбие бойынша жүргізілген жұмыстардың қорытынды есебін тәрбиеші Г.Нуркалиева: оқу жылы бойында атқарылған жұмыстарының сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша топта 25бала, 9ұл бала, 16қыз бала бар. Оқу тәрбие үдерісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен үлгілік оқу жоспарына, үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілді. Тәрбиелеу білім беру үдерісінің міндеттері іске асырылды, ҰІӘ тиімді кіріктірілді. Күтілетін нәтижелері қарастырылды. Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан жақты дамыту стандартта берілген бес дағдыны қалыптастыру бойынша іске асырылды.Тәрбиелеу білім бері үдерісі перспективалық жоспарына, циклограммаға сәйкес бала дамуының мониторингі жасақталды. Жоспарға сай топтың ата аналар жиналысы өтіп отырады. Ата аналар комитетінің төрайымы болып А.Төлепова, мүшелері А.Ашықбай, Л.Аяпбергенова сайланды. Ата аналармен «Әкем отбасы тірегі» ұлттық ойыны, «Әкем, шешем және мен», «Спорт сүйер отбасы» тақырыптарында отбасылық сайыс, «Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы» аналар мен әжелер сайыстары қызықты да тартысты өтті. Ата аналар белсене қатынасты. Оқу жылы барысында жоспарлы ертеңгіліктер, тақырыптық ұйымдастырылған іс әрекеттер, ертегі қойылымдары, апталықтар өткізілді.

Тәрбиеші Н.Аккожиева оқу жылы бойында атқарылған жұмыстарының сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша топта 20бала, 10 ұл бала, 10 қыз бала

бар. Оқу тәрбие үдерісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен үлгілік оқу жоспарына, үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілді. Тәрбиелеу білім беру үдерісінің міндеттері іске асырылды, ҰІӨ тиімді кіріктірілді. Күтілетін нәтижелері қарастырылды. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру бойынша мониторинг жүргізілді, жеке даму картасы толтырылды. Ертеңгіліктер, спорттық сайыстар, тақырыптық ұйымдастырылған іс әрекеттер жоспарлы өтіп отырды.

Тәрбиеші С.Карабалиева 2023-2024 оқу жылы бойынша топта 20 бала, 8 ұл бала, 12 қыз бала бар. Оқу тәрбие үдерісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен үлгілік оқу жоспарына, үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүргізілді. Тәрбиелеу білім беру үдерісінің міндеттері іске асырылды, ҰІӨ тиімді кіріктірілді. Жоспарға сай топтың ата аналар жиналысы өтіп отырады. Ата аналар комитетінің төрайымы болып Ұ.Таласбаева, мүшелері А.Сайын, Б.Есенғалиева сайланды. Ата аналармен «Біз отбасымыз, демек жеңіске жетеміз!» тақырыбында отбасылық сайыс өтті. «Түстер әлемі», «Көңілді көкөністер», «Адасқан пішіндерді тап» ашық іс әрекеттер өтті. Тәрбиеші Г.Берікова, саз жетекшісі А.Тынысбаева, психолог Ә.Орақова, дене шынықтыру нұсқаушысы А.Асқарова, әдіскер А.Каламбаева оқу жылының қорытынды есептерін берді. Балабақша бойынша қорытынды жұмыстар қанағаттанарлық деңгейде бағаланды.

ШЕШІМ:

1. 2023-2024 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жаздайы қанағаттанарлық деңгейде бағалансын.
2. Жазғы сауықтыру жұмыстарын 2024ж МДҰ жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар басшылыққа алынып өз дәрежесінде жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:

Жиналыс хатшысы:

Сары
Жаппар

С.Сарсенғалиева

А.Каламбаева